

Клиникалық станция «Жартылай алмалы-салмалы протез базисінің шекараларының орналасуын анықтау»

№	Қадамдар	Алгоритм
1	Төменгі жақсүйектегі шеткері ақаулар кезінде жартылай алмалы-салмалы пластина протездің базисінің шекараларын анықтауға дайындық.	Студент қолғаптарды киіп, тістері жартылай сақталған төменгі жақсүйектің гипс моделін және химиялық қарындашты таңдайды.
2	Гипс моделін визуалды бағалау	Гипс моделінің тұтастығына, тесіктердің болмауына, протез ұясының толық көрінісіне визуалды бағалау жүргізеді.
3	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 1-қадамы	Солжақтағы шырыштытөмпешік аймағында шекара сызады.
4	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 2-қадамы	Жоқ тістердің аймағында ұрт жағынан ұрт-альвеолалық жолақтың солжаққа бекітілген жерлерін қарындашпен қоршайды.
5	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 3-қадамы	Тіл жағында тіссауыт биіктігінің 2/3 бөлігінде табиғи шайнайтын тістер қабаттасады.
6	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 4-қадамы	Тіл жағында тіссауыт биіктігінің 2/3 бөлігінде табиғи фронтальдық тістер қабаттасады.
7	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 5-қадамы	Жоқ тістердің аймағында ұрт жағынан ұрт-альвеолалық жолақтың оңжаққа бекітілген жерлерін қарындашпен қоршайды.
8	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 6-қадамы	Оңжақтағы шырышты төмпешік аймағында шекара сызады.
9	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 7-қадамы	Ауыз беткейіндегі протез базисінің шекарасы өтпелі қатпардан жоғары өтеді, тіл жүгеншігінің бекітілген жерінің бөліктерін айналып өтеді.
10	Төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 8-	Солжақтағы шырышты төмпешік аймағында шекараны аяқтап сызады.

	қадамы	
--	--------	--

Орындау уақыты: 10 минут.

№	Қадамдар	Алгоритм
1	Жоғарғы жақсүйектегі шеткері ақаулар кезінде жартылай алмалы-салмалы пластина протездің базисінің шекараларын анықтауға дайындық.	Студент тістері ішінара сақталған жоғарғы жақсүйектің моделін таңдайды.
2	Гипс моделін визуалды бағалау	Гипс моделінің тұтастығына, тесіктердің болмауына, протез ұясының толық көрінісіне визуалды бағалау жүргізеді
3	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 1-қадамы	Дистальдық бөлімдерде солжақтағы жоғарғы жақсүйектің төмпешіктерін жауып, шекараларды қарындашпен белгілейді.
4	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 2-қадамы	Жоқ тістердің аймағында ұрт жағынан, солжақта өтпелі қатпар деңгейінен 0,5-1 мм төмен солжақ ұрт-альвеолалық жолақтардың бекітілген жерлерін қарындашпен қоршайды.
5	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 3-қадамы	Жоқ тістер аймағында жоғарғы еріннің жүгеншігі бекітілген жерлерді қарындашпен қоршайды.
6	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 4-қадамы	Жоқ тістердің аймағында вестибулалық жағынан, оңжақта өтпелі қатпар деңгейінен 0,5-1 мм төмен солжақ ұрт-альвеолалық жолақтардың бекітілген жерлерін қарындашпен қоршайды.
7	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 5-қадамы	Дистальдық бөлімдерде оңжақтағы жоғарғы жақсүйектің төмпешіктерін жауып, шекараларды қарындашпен белгілейді.
8	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 6-қадамы	Оңжақ бүйірдегі тістердің тіссауыттары биіктігінің 2/3 бөлігінде таңдай бетінен бүйір аймағының табиғи тістерін жабады.
9	Жоғарғы жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 7-	Солжақ бүйірдегі тістердің тіссауыттары биіктігінің 2/3 бөлігінде таңдай бетінен бүйір аймағының табиғи тістерін жабады.

	қадамы	
10	Жоғарғы төменгі жақсүйектегі алмалы-салмалы жартылай пластина протездің базисінің шекараларын сызудың 8-қадамы	Қатты таңдайдың жұмсақ таңдайға ауысатын жеріндегі шекараны «А» сызығынан сәл алға қарай, жасырын шұңқырларды жауып сызады.

Клиникалық станция «Артериялық қысымды және жүректің жиырылу жиілігін өлшеу»

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
Артериялық қысымды өлшеу алгоритмін орындау		
1.	Пациентпен байланыс орнату. Тиісті бейвербальдық мінез-құлықты пайдалану	Науқаспен танысу және өзін таныстыру. Тиісті бейвербальдық мінез-құлықты пайдалану. Өзара түсіністікті дамыту. Пациентті қатыстыру. Науқасты вербальдық емес қолдау.
2	Пациент пен жабдықты дайындау	Пациенттің ыңғайлы қалыпта орналасқанына көз жеткізіңіз (отыр немесе жатыр, босаңсыған). Пациент уайымдаса немесе күйзеліске ұшыраса, тынышталуға біраз уақыт беріңіз. Тонометрдің, манжеттің және барлық көмекші құралдардың дұрыстығын тексеріңіз. Манжеттің өлшемі бойынша пациентке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
3	Өлшеу үшін орынды таңдау	Өлшеу үшін пациенттің қолын таңдаңыз. Пациенттің қолы жүрек деңгейінде екеніне көз жеткізіңіз.
4	Манжетті кигізу	Манжетті пациенттің иығына кигізіңіз, манжет пен терінің арасында кішкене бос орын қалдырыңыз (шамамен 2 см). Манжет шынтақтың бүгілетін жерінен 2-3 см жоғары орналасуы керек.
5	Стетоскоптың орналасуы	Шынтақ артериясында пальпация арқылы тамырдың соғуын табыңыз Тамырдың соғуын есту үшін стетоскоптың басын шынтақтың бүгілетін аймағындағы артерияға қойыңыз.

6	Манжетке ауаны айдау	Манометр шкаласындағы «0» белгісіне қатысты манометр тілінің орналасуын тексеріңіз Стетоскопта пульстің естілуі тоқтағанша (әдетте болжалды систолалық қысымнан 20-30 мм сын.бағ. жоғары) манжеттегі ауаны баяу айдаңыз.
7	Ауаның біртіндеп түсуі	Манжеттен ауаны баяу және біркелкі шығарыңыз (шамамен 20 мм сын.бағ.).
8	Систолалық қысымды жазу	Стетоскоптағы тамырдың соғуы енді ғана пайда бола бастаған кездегі көрсеткіштерді жазыңыз — бұл систолалық қысым.
9	Диастолалық қысымды жазу	Тамырдың соғуы жойылғанша ауаны шығаруды жалғастырыңыз және бұл мәнді диастолалық қысым ретінде жазыңыз.
10	Өлшеуді аяқтау	Манжеттен ауаны толығымен шығарыңыз, оны пациенттің қолынан шешіңіз. Қажет болса, қайта өлшеу алдында пациенттен біраз демалуын сұраңыз.

Станцияға берілетін максималды уақыт - 10 мин

Баллдардың максималды сомасы - 100

«Стоматологиялық науқасты тексеру станциясы»

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
1	Пациентпен байланыс орнату	Сәлемдесу, өзін таныстыру, өз рөлін белгілеу
2	Қолды өңдеу, қолғап кию	Қолды хирургиялық дезинфекциялау (өңдеу) (ҚР ДСМ № 101 бұйрығына сәйкес) және стерильді қолғапты дұрыс кию.
3	Ауыз қуысын тексеру үшін жұмыс орнын дайындау	Стоматологиялық креслоны тиісті деңгейде орнату (пациенттің басы дәрігердің шынтақ немесе иық буынының деңгейінде болуы керек). Дайындау: 1. шығын материалы (стерильді шариктер, салфеткалар) 2. дезинфекциялаушы ерітінділер (хлоргексидин биглюконатының 0,05% ерітіндісі) 3. стоматологиялық құралдар жинағы (науа, стоматологиялық айна, экскаватор, стоматологиялық сүңгі, стоматологиялық пинцет)
4	Ауыз қуысын көрууге дайындық	Креслоның орнының сәйкестігін тексеріңіз Пациенттің жанында дұрыс орынды таңдау және пациентке ыңғайлы орналасуға көмектесу Ауыз қуысын көруді қамтамасыз ету үшін дәрігерге қатысты бастың дұрыс бұрылуын қамтамасыз ету
5	Алғашқы стоматологиялық тексеру кезінде 1-қадамды жүргізу	Бет конфигурациясын бағалау Терінің түсін, патологиялық түзілімдердің болуын бағалау. Аймақтық лимфатүйіндерді пальпациялау Ауыздың ашылу дәрежесін және СТЖБ бағалау
6	Алғашқы стоматологиялық тексеру кезінде 2-қадамды жүргізу	Ауыз қуысының кіреберісін тексеру және тістүйісті бағалау
7	Алғашқы стоматологиялық тексеру кезінде 3-қадамды жүргізу	Ауыз қуысы мен тілді тексеру
8	Ауыз қуысының жағдайын бағалау	Жағдайға байланысты ауыз қуысының жағдайын бағалау нәтижесін дұрыс айту
9	Ұсынылған жағдайда тіс формуласын анықтау	Ұсынылған жағдайға сәйкес тіс формуласын дұрыс айту
10	Ауыз қуысын тексеру емшарасын аяқтау	Емшараны аяқтау (бұл туралы пациентке хабарлау, жұмыс орнын ретке келтіру) Бетперде мен қолғапты шешіп, Б класындағы қалдықтарға арналған контейнерге утилизациялау Соңында қолды гигиеналық тәсілмен өңдеу
11	Пациентке алғашқы тексеру нәтижелерін хабарлау	Пациентке одан әрі емдеу (тексеру, профилактикалық шаралар) жоспарын айту

		Пациенттің не болып жатқанын түсінгенін нақтылау. Пациенттің сұрақтарына дұрыс жауап беру: Егер мұны жасамаса не болады? Қанша уақыт күтуге болады? Қандай да бір балама нұсқалар бар ма
--	--	---

«Емшаралық дағдылар: дәрілік заттарды парентералдық енгізу»

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
Емшаралық дағдылар: дәрілік заттарды парентералдық енгізу (б/і инъекция)		
1.	Пациентпен байланыс орнату. Қолды гигиеналық өңдеу және пациентті дайындау	Науқаспен танысу және өзін таныстыру. Тиісті бейвербальдық мінез-құлықты пайдалану. Өзара түсіністікті дамыту. Асептика стандарттарына сәйкес қолға гигиеналық өңдеу жүргізу. Қолғап, бетперде кию. Пациенттің ыңғайлы қалыпта екендігіне көз жеткізу.
2	Жабдықтарды дайындау	Барлық қажетті материалдарды дайындау: шприц, ине, препараты бар ампула, антисептиктер, мақта шариктер, қолғаптар. Олардың жарамдылығына және жарамдылық мерзіміне көз жеткізу.
3	Препараты бар ампуланы тексеру	Препараты бар ампуланың зақымданбағанын тексеру, дозаның және дәрінің атауының дұрыстығына көз жеткізу. Ампуланы стерильді тәсілмен ашу (ампуланы кескішті немесе тескішті пайдаланып).
4	Шприцті препаратпен толтыру	Шприцке дәрілік заттың қажетті мөлшерін жинап, шприцте берілген доза қалатындай етіп қақпақты шешпей, шприцтен ауаны және дәрілік заттың тамшысын шығару (шприцтің қаптамасы мен бос ампуланы немесе құтыны «А» класты ыдысқа утилизациялау). Стерильді науаға салу: инъекцияны орындауға арналған дайындалған шприц, спиртке малынған 3 мақта шарик.
5	Инъекцияға арналған орынды таңдау	Пациентті кушеткаға жатқызу: екпетінен немесе бір бүйірімен жату. Бұлшықет ішіне инъекция жасау үшін бөкселердің жоғарғы латералдық квадрантын қолдану. Таңдалған инъекция орнында қабыну, зақымдану, тыртықтар немесе аурудың басқа белгілерінің жоқ екеніне көз жеткізу.
6	Инъекция орнын	Инъекция орнын антисептикалық ерітіндімен (мысалы, спиртпен) екі рет өңдеу, бірінші шарикпен 10-нан 10 см-

	антисептикпен өңдеу	ге дейін, екіншісімен - тек инені енгізу орнын орталықтан шетке қарай жылжыта отырып.
7	Инені енгізу	Шприцті оң қолға алу, иненің канюлясын 4-саусақпен тіреп. Қалған саусақтар шприцтің цилиндрін ұстауы керек. Теріні сол қолдың бас бармағы мен сұқ саусағының арасына бекітіп, инені теріге 90 градус бұрышпен, қажетті тереңдікке (3,5-4 см) енгізу. Инені енгізгеннен кейін оның ығыспағанын және қозғалмайтынын тексеру.
8	Препаратты енгізу	Сол қолды шприцке ауыстыру және сол қолдың бас бармағымен поршеньді басып, енгізу жылдамдығын бақылай отырып, дәрілік затты ақырын енгізу. Препаратты енгізу кезінде иненің қозғалмайтындығына көз жеткізу.
9	Инені алып тастау және инъекция орнын өңдеу	Инъекция орнына 3-мақта шарикті қою және инені канюлядан ұстап тұрып, жылдам қозғалыспен суырып алу.
10	Материалдарды утилизациялау және емшараны аяқтау	Қолданылған шприцтер мен инелерді В класындағы ыдысқа утилизациялау. Қолғапты шешу. Қолға гигиеналық өңдеуді жүргізу.

Станцияға берілетін максималды уақыт - 10 мин

Баллдардың максималды сомасы - 100

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
Емшаралық дағдылар: дәрілік заттарды парентералдық енгізу (вена ішіне)		
1.	Пациентпен байланыс орнату. Пациентті дайындау.	Науқаспен танысу және өзін таныстыру. Тиісті бейвербальдық мінез-құлықты пайдалану. Өзара түсіністікті дамыту. Асептика стандарттарына сәйкес қолға гигиеналық өңдеу жүргізу. Қолғап, бетперде кию. Пациенттің ыңғайлы қалыпта екендігіне көз жеткізу.
2	Қолды гигиеналық өңдеу.	Барлық қажетті материалдарды дайындау: шприц, ине, препараты бар ампула, антисептиктер, мақта шариктер, қолғаптар. Олардың жарамдылығына және жарамдылық мерзіміне көз жеткізу.
3	Жабдықтарды дайындау.	Препараты бар ампуланың зақымданбағанын тексеру, дозаның және дәрінің атауының дұрыстығына көз жеткізу. Ампуланы стерильді тәсілмен ашу (ампуланы

		кескішті немесе тескішті пайдаланып).
4	Препараты бар ампуланы тексеру. Шприцті препаратпен толтыру	Шприцке дәрілік заттың қажетті мөлшерін жинап, шприцте берілген доза қалатындай етіп қақпақты шешпей, шприцтен ауаны және дәрілік заттың тамшысын шығару (шприцтің қаптамасы мен бос ампуланы немесе құтыны «А» класты ыдысқа утилизациялау). Стерильді науаға салу: инъекцияны орындауға арналған дайындалған шприц, спиртке малынған 3 мақта шарик.
5	Инъекцияға арналған орынды таңдау	Шынтақтың астына клеенкалы білікшені қойып, пациентті ыңғайлы қалыпта отырғызу немесе жатқызу. Сәйкес венаны анықтаңыз, әдетте бұл вена шынтақтың бүгілетін аймағында. Оның зақымданусыз немесе қабынусыз анық көрінетініне және қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз. Пациенттің иығына веналық қанайналымды жақсарту үшін шынтақтың бүгілетін жерінен 5 см жоғары бұрауды салыңыз. Венаны пальпациялау кезінде пациенттен жұдырығын бірнеше рет қысып, ашуын, содан кейін жұдырығын қысуын сұраймыз.
6	Инъекция орнын антисептикпен өңдеу	Венаны пункциялау орнын екі рет (ең толық венаны тауып) мақта шариктермен өңдеу (бірінші шарикпен 10-нан 10 см-ге дейін, екіншісімен тек инені енгізу орнын, содан кейін мақта шариктерді «Б классты» контейнерге утилизациялау).
7	Инені енгізу	Шприцті оң қолға алды, иненің канюлясын 4-саусақпен тіреді. Қалған саусақтар шприцтің цилиндрін ұстауы керек. Сол қолдың бас бармағымен және сұқ саусағымен шынтақтың бүгілетін жерінің терісін ұстап, теріні және венаны мұқият тесіп, инені вена бойымен 1/3 ұзындығында «бос жерге түскенді» сезгенге дейін кіргізіңіз. Поршеньді сол қолыңызбен шприцтің цилиндрінде қан пайда болатындай етіп өзіңізге тартыңыз. Бұрауды шешу, пациенттен жұдырығын ашуын сұрау, иненің венамен байланысын тексеру үшін поршеньді қайтадан өзіне тарту.
8	Препаратты енгізу	Сол қолды шприцке ауыстырды және сол қолдың бас бармағымен поршеньді басты, енгізу жылдамдығын бақылай отырып, дәрілік затты ақырын енгізді. Препаратты енгізу кезінде иненің қозғалмайтындығына көз жеткізу.
9	Инені алып тастау	Шприцте аз мөлшерде ерітінді (0,5 мл) қалғаннан кейін,

	және инъекция орнын өңдеу	инені енгізу орнына 3-мақта шарикті қою, инені алу. Инені жылжытпай, оны абайлап алу. Пациенттен пункция орнынан қан кету толық тоқтағанша шарикті (5-10 минут) қалдырып, шынтақ буынында қолын бүгүін сұраңыз;
10	Материалдарды утилизациялау және емшараны аяқтау	Шприцті, инені,мақта шариктерді, қолғаптарды Б класындағы ыдысқа утилизациялаңыз. Қолға гигиеналық өңдеу жүргізу.

Станцияға берілетін максималды уақыт - 10 мин

Баллдардың максималды сомасы - 100

"Су негізіндегі дентиннен уақытша пломба салу."

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
1	Қолды тазалау, қолғап кию	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің № 101 бұйрығына сәйкес қолды хирургиялық дезинфекциядан өткізіп (өңдеу) және стерильді қолғапты дұрыс кию.
2	Стоматологиялық аспаптарды дайындау.	(Лоток, стоматологиялық айна, экскаватор, стоматологиялық сүңгі, стоматологиялық пинцет), араластыруға арналған шыны, металлды шпатель.
3	Сулы дентинді араластыру.	Шыны беткейіне 2:1 қатынасында ұнтақ пен дистиллирленген су құйылады. Алдымен ұнтақты суға қосады және ұнтақ суды толығымен сіңіріп алу керек. Содан кейін металл шпательмен 25-30 секунд бойы араластырып, қажетті консистенцияны алу үшін аз мөлшерде ұнтақ қосады. Дұрыс дайындалған қоспа жұмсақ, иілемелі және ботқа тәрізді консистенцияда болуы керек.
4	Тіс қуысында уақытша пломба орнату.	Құрғақ қуысқа пломба бір порциямен енгізіледі және қысымсыз құрғақ мақтамен үлгіленеді. Жұмыс уақыты – 1,5-2 минут. Қатаю уақыты – 3-4 минут.
5	Процедураны аяқтау	Процедураны аяқтау (бұл туралы пациентке хабарлау, жұмыс орнын ретке келтіру). Бетперде (маска) мен қолғапты шешіп, Б класты қалдықтарға арналған контейнерге тастау. Соңында қолды гигиеналық әдіспен (өңдеу) тазалау.

Станцияға берілетін максималды уақыт - 10 мин

Баллдардың максималды сомасы - 100